

«Тексерілді»

«Балбөбек» жекеменшік

шағын орталығының

әдіскері Г.К.Сагпазова.

Тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекет

Тақырыбы: «Жолда жүру ережелерінің әліппесі»

Өткізген: №2 «Балбөбек»

ортаңғы тобының

тәрбиешісі: Уақбаева Н.Ж

2022-2023 оқу жылы.

Тақырыптық іс-әрекет.

Тақырыбы: «Жолда жүру ережелерінің әліппесі».

Мақсаты: Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру.

Жол қауіпсіздігін есте сақтауға және білуге, жол ережесінің белгілерімен таныстыру. Балаларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, мультфильм қарау, жеке жұмыс, ойын тапсырмаларды орындату, ойын «Жол белгілерін қойып көр», қыс мезгіліне байланысты бейнеролик қарау, ойын «Түстерді тап»

Қажетті құралдар: әртүрлі көліктер, жаяу жүргіншілер мен көлік жолы, жол ережесіне байланысты суреттер, теледидар.

Тақырыптық іс-әрекеттің барысы:

Тәрбиеші: - Балалар, көңіл күйлеріңіз қалай?

Кәне балалар, келген қонақтарымызбен амандасайық.

Балалар:-Сәлеметсіздерме апайлар! Сіздерді көргенімізге қуаныштымыз.

Тәрбиеші:- Балалар, бүгінгі күніміз өте қызықты, ерекше болмақ.

Алдымен тәрбиеші

Балаларға қыс мезгілінің суретін теледидардан көрсету.

Балалар кәзір жылдың қай мезгілі?.

Қыс мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?.

Қыс мезгілі туралы тақпақтар білемізбе балалар?

Аппақ, аппақ жапалақтап.

Қар жауады тынбастан

Қалың орман, қар жамылған

Маужырайды түнгі аспан.

Тәрбиеші:Балалар бүгінгі тақырыптық іс әрекетіміз «Жолда жүру ережелерінің әліппесі» деп аталады.

Балаларға жолда жүру ережелерімен таныстыру.

Суреттен көрсетіп әңгімелеп беру,балалардан сұрап сөздік қорларын молайту.Балалардан сұрақ жауап алу.

Ендеше осы жүргіншілер жүретін жолмен қатармен бірге жүрейік балалар.

Балалар мына үлкен жолда нені көріп тұрсындар?.

Балалар Машина,Автобус,Жүк көлігі т.б.

Бұл көліктер жүретін жолда әр дайым сақ болуымыз керек.

Балалар қандай машина көріп тұрмыз?.

Енді біз балалар адамдар жүретін жолмен жүріп келеміз.

Қарандаршы балалар талдардың арасында бір дыбыс шығады.

Балалар ненің дауысы естіледі?.

Балалар: Күшік.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасындар балалар.

Қандай әдемі күшік,біз күшікке көмектесемізбе балалар.

Бағдаршам қонаққа келеді.

Бағдаршам: Сәлеметсізбе балалар.

Тәрбиеші:Балалар күшік тауып алдым, бір күшік жолдағы көліктерден өте алмай қорқып тұр екен. Күшікке көмектесемізбе?

Бағдаршам қонаққа келеді:Балалар мұнда не болып жатыр?

Тәрбиеші:Біз жолдан күшікті кездестірдік күшік жолдан өте алмай тұр екен, біз оған көмектескелі жатырмыз.

Бағдаршам:Балалар мен бағдаршаммын, жолда қалай жүру керек екенін үйретемін, жол апатынан сақтаймын, кәнекей балалар бірге жылдам күшікке көмектесіік.

Тәрбиеші:Балалар мінекей бізге бағдаршам көмектесііндеп жатыр, балалар бағдаршамның үш түсі бар екен, қарандаршы қандай түсі бар екен? Біздің жолда жүру тәртібімізді сақтап, адамдарға көп көмектесетін бағдаршам екен, біз бағдаршамға қарап жол тәртібін сақтап жүрейік.

Бағдаршам:Ендеше балалар адамдар өтетін үлкен жолақшаның үстімен өтейік, бұл жолақша жаяау жүргіншілер өтетін жол. Ал біз жолақшаның үстімен өттік, күшіккеде көмектестік. Кәне күшіктің басынан сипайық.

«Қызыл, Сары, Жасыл.» түсті тап. Ойынның мақсаты: Балалар бір түсті тандап, соған ұқсас түстердің үстінен жүріп шығады.

Тәрбиеші: Балалар сендерге ойын ұнадыма? Қане қолымызды шапалақтайық алақай, алақай! Біздің серуенімізде аяқталып қалды балалар, ол үшін достарымыздың қолын ұстайық, келген жолымызбен жүреміз кәне жүргіншілер жолымен өтеміз. Қане, тобымызға келдік, орнымызға жайғасайық, кім қай орынға отырғысы келеді.

Тәрбиеші: Бізге қонаққа келген бағдаршам, бізбен бірге серуендеп тобымызғада келіпті. Бағдаршамның түстері қандай екен?

Балалар: Қызыл, сары, жасыл.

Тәрбиеші: Бағдаршамның пішіні қандай?

Балалар: Домалақ пішінге ұқсайды.

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар, енді балалар мультфильм көрейік я? Балалар сендерге мультфильм ұнадыма? Сонымен балалар қызыл түс жанғанда не істеуіміз керек екен?

Балалар: Тоқтаймыз.

Тәрбиеші: Сары түс жанғанда не істеміз?

Балалар: Дайындаламыз.

Тәрбиеші: Ал жасыл түс жанғанда не істеміз?

Балалар: Жүреміз.

Тәрбиеші: Балалар бағдаршам адамдардың, көліктердің өмірлерін сақтап, қауіпсіздігін қорғайды, ол бізге үнемі жол көрсетіп отырады. Енді біз бар білгенімізді түсінгенімізді білдіру үшін бағдаршам бинесін құрастырайық. Қызыл, Сары, Жасыл түстерді құрастырайық.

Балалар жол ережелерінің белгілерін құрастырады.

Тәрбиеші: Тамаша, жарайсындар балалар.

Тәрбиеші: Балалар сендерге бағдаршам сыилыққа тәттілер алып кеіпті. Қанекей балалар қуанайық алақай, алақай!

Тәрбиеші: Балалар бағдаршам көп болса жол қауіпсіздігі болмайды екен, біз әрдайым сақ жүреді екенбіз. Қызыл түс жанғанда тоқтаймыз, сары түс жанғанда дайындаламыз, жасыл жанғанда жүреміз

Бағдаршам балаларға тәттілерді таратып береді.

Тәрбиеші: Балалар жарайсындар.

Сендер бүгінгі ойынға белсенді қатыстыңдар, мен сендерге өте ризамын.

Бүгін сендерге ойын ұнадыма?

Балалар: Ия

Тәрбиеші: Балалар қанекей бағдаршаммен қошастасайық.

Балалар кәне келген қонақтарымызбен қоштасайық.

Балалар: Сау болыңдар

Бағдаршам: Сау болыңдар балалар

